

«НАРТАЙЛАҚ» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ



Бекітемін:

«Нуртайлак» бөбекжай – бакшасынын

менеджершісі: А.Н. Сулейменова

**Бес білім беру дағдысы бойынша «Күншуақ» кіші тобына арналған ұйымдастырылған іс – әрекетінің
перспективалық жоспары**

(ақпан айы)

Бекітуге ұсынамын:

«Нартайлақ» бөбекжай – бақшасының

әдіскері: Г. Қ. Тастан

Жаңақоныс ауылдық округі

2024 – 2025 оқу жылы

Бекітемін: _____
«Нартайлақ» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын
менгерушісі А.Н.Сүлейменова
« » _____ 2024 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Нартайлақ» бөбекжай-бақшасы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 1-2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы 2025 жыл

Тәрбиеші: С.Иманова, Г.Сандуғаш

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жаққа жазу. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы допты беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Негізгі қимылдар: Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын өртүрлі қалыпта ұстап жүру. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-23 сантиметр, ұзындығы 2-2,3 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттардан (биіктігі 10-13 сантиметр) аттап жүру, орнында баяу айналу. бағытты өзгертпін, шашырап, 30-20 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 30 x 30 сантиметр модульге өрмелеу. еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Екі қолмен, өртүрлі тәсілдермен өртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке

	орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып пайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қарапайым сөз тіркестерін (2-2 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету Сөздік қорды қалыптастыру. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру

Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, негүрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды пысықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Жакын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Қарды домалату ойнау және эксперимент жасау. Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды, қолды дымқыл шүберекпен сүртуді, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыруды, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта машиналарды, үйлерді доптарды, шарларды орналастыру.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту: әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.